



Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Филология факультеті
Қазақ тіл білімі кафедрасы
Мамаева Гүлнар Бейсенқызы
Филология ғылымының кандидаты, қауымдастырылған профессор
Пән атауы: Емле және сөз сазы



10-дәріс тақырыбы: Қазақ әдеби тілінің ауызша түрі және оның қолданылу өрісі

Қарастырылатын мәселелер:

- Қазақ тілінің орфоэпиялық ережесі;
 - Сөз мәдениеті, дұрыс сөйлеу мәдениеті.
- 

Орфоэпия

Сөздер мен сөз
тіркестерінің
бірізді дұрыс
айтылуын
қамтамасыз
ететін ережелер
жиынтығы.



Сөздердің
жалпыға бірдей,
қалыпты айтылу
нормасын-
орфоэпия дейміз.



**«Сөздің дыбысталуы мен айтылуының
арасындағы алшақтық біржола
ЖОЙЫЛДЫ»**

Нығмет Сауранбаев

A decorative graphic in the bottom right corner consisting of several overlapping, slanted rectangular bars in shades of blue and orange.


Қазақ тіл білімінде орфоэпия мәселесіне байланысты шығарылған еңбектер:

М.Балақаев "Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері"



Р.Сыздықова
"Сөз сазы"

М.Дүйсебаева "Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері"



Қ.Неталиева "Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі"

Орфоэпиялық норма

1

Жергілікті ерекшелікке қарама-қарсы қойылады. Мысалы, жергілікті ерекшелікте: жылқыдар, маңлай. Әдеби тілде: жылқылар, маңдай.

2

Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы, Б.Әбілқасымов зерттеу материалдарында көрсетілген ескі қазақ жазба тілінің дыбыстық элементтеріне қарама-қарсы қойылады: нәсіп айласа, жәмиғат.


3

Әдеби тілдің орфоэпиялық нормасы кодификацияланған жазба тілдік элементтерге қарама-қарсы қойылады [жұмұшшұ] – жұмысшы, [шэгара] – шекара.


Орфоэпиялық норманы тануда ұстанатын негізгі критерийлер

- 1 көпшілік қалай айтса — сол норма
- 2 неғұрлым жазылуына жуық дыбыстау
- 3 жастардың айтуын норма деп тану
- 4 астананың айту машығын негізге алу
- 5 сахна шеберлерінің сөйлеуін үлгі ету
- 6 говорлардың көпшілігіне тән айту машығын ескеру
- 7 мәдени-тарихи дәстүрді басшылыққа алу
- 8 тілдің ішкі даму заңдары қуаттайтын форманы мойындау

Р. Сыздықова әдеби тілді үш топқа бөліп қарайды:




Ауыз әдеби тілі



Жазба алдындағы
әдеби тіл

Жазба әдеби тілі





Орфоэпия жөніндегі пікірлер, мақала, зерттеулер орфоэпиялық сөздіктердің жасалуына түрткі болды. Олар:

Қ. Неталиеваның
«Қазақ тілінің
орфоэпиялық
сөздігі»

М. Дүйсебаеваның
«Қазақ тілінің
қысқаша
орфоэпиялық
сөздігі»

М. Серғалиевтің
«Қазақ тілінің
қысқаша
орфоэпиялық
сөздігі»





Сөз сазын, яғни орфоэпиялық норманы әңгіме еткенде, қазақтың өз тілінің дыбыстық жүйесіне тән емес, тек кірме сөздерде жазылатын в,ф,х,һ,ц таңбаларын дыбыстау жайына тоқталуға тура келеді.



һ таңбасы

Тек араб, парсы тілдерінен енген сөздерде ғана жазылады.

х, ф әріптері

араб, парсы тілдері мен орыс тілінен енген сөздерде жазылады

в, ч, ц, щ әріптері

тек орыс тілі арқылы енген халықаралық сөздер мен орыстың өз сөздерінде жазылады

Орфоэпия- сөйлеу мәдениетін қалыптастырады.

Халықтың дәстүрлі
сөйлеу тілі негізінде
сөйлеу мәдениеті
қалыптасады.

Баспа органдары мен
мәдени мекемелер
сөйлеу мәдениетіне
үлкен әсер етеді.




Р. Сыздық көрсеткен балабақшаларда оқуға арналған бір жинақта
(«Оқып, ойнап, ән шырқайық», 1983) берілген «Бұл
қалай?» деген 8 жолдық өлеңнің мәтіні мынау:

Жазылуы


Аппақ гүлден
Қызыл алма **өседі.**
Қара бұлттан
От шығады **деседі.**
Аппақ гүлден
Ақ бұлт неге **өнбейді?**
Бұлт ішінде
От қалайша **сөнбейді**

Оқылуы

Әппақ гүлден
Қызыл алма **өседі.**
Қара бұлттан
От шығады деседі.
Әппақ гүлдөн
Ақ бұлт неге **өмбөйді?**
Бұлт ішінде
От қалайша **сөмбөйді**



Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сыздықова Р.Ғ. Сөз сазы. – Алматы: Санат, 1995. – 117 б.
 2. Мырзабеков.С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2013. – 219 б.
 3. Сыздықова Р. Емле және тыныс белгілері. – Алматы: Рауан, 1996. – 284 б.
 4. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы: Қазақстан, 1965. – 185 б.
- 



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!